



Автор: Габбасова Булбул

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Алаш идеясы мен қайраткерлері

Тақырып: Алаштың сөнбес жұлдызы - М.Жұмабаев

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Қазақтың бес арысының бірі – М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы білімдерін толықтыру.
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың әдеби теориялық білімдерін арттыру, жылдам ойлау дағдыларын қалыптастыру, М. Жұмабаевтың отаншылдыққа, ұлттық рухқа толы өлеңдерін оқуға баулу.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылардың сөз байлықтарын арттыру, поэзиялық талдау дағдыларын дамыту, өз пікірлерін айтуға дағдыландыру,
Күтілетін нәтиже:	• Автордың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы білімдерін толықтыра түсті; • Өлеңдердің тақырыбын, идеясын түсінетін болды; • Жылдам ойлауға дағдыланды; • Сөздік қорлары артты.
Бағалау критерийлері:	• Нақыл сөздерді түсінеді; • Өлең тақырыбын анықтай алады; • Жылдам ойлайды; • Дәлелді еркін сөйлейді;
Құндылықтарды дарыту:	Ашықтық, ынтымақтастық құндылықтарды дарыту
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	қазақ тілі, қазақ әдебиеті
Бастапқы білім:	М.Жұмабаевтың өмірі және шығармашылығымен таныс.

Сабақ барысы

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (15 мин)	Ұйымдастырушылық кезең. Сәлемдесу. Оқушыларға түрлі түстіқағаздарды тарату арқылы оларды 4 топқа бөлу. Әр топқа алдын-ала дайындалған 4 постер беріледі. Әр постерде 10 нақыл сөздер жапсырылған, ондағы көп нүктенің орнына жасырынған сөздерді табу тапсырмасы беріледі. Оқушылар әр көп нүктенің орнына олардың ойынша сәйкес келеді деген(кем дегенде) 3 сөз жазу керек.	Постерлер
Сабақтың ортасы (10 мин)	Оқушылар тақтада ілінген өлеңдерден 1 өлең таңдайды. Оларға жұмыс парақтары таратылады. Оқушылар өлең жолдарын түсініп оқып, өлеңді ашатын кілттік сөздерді, өлең тақырыбын, бағытын және өз өмірлерінде қолдану ұяшықтарын толтыру қажет.	Өлеңдер, жұмыс парақтары
Сабақтың соңы (10 мин)	Сабақ соңында әр топ өз жұмыстарын қорғайды, өз жауаптарымен бір-бірімен бөліседі. Кейін дұрыс жауаптарды тыңдайды және сол бойынша бір-бірінің жұмыстарын бағалайды.	ауызша
Рефлексия (5 мин)	• Сабақ барысында мен не білдім? • Ең қызықты тапсырма? • Сабақ көңілімнен шықты! • Сабақ түсініксіз болды.	ауызша